

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_жылғы «\_»\_

№\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_»\_201\_года

№\_

2017 жылғы 31 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә.Сағынтаевқа**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңында мемлекеттік қызметті өткеру кезінде кәсіби әлеуеттің неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді ротациялау жүзеге асырылатыны көрсетілген.

Өзіңізге белгілі 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап саны 2000 адамнан астам әкімшілік аумақтық бірліктерде, ал 2020 жылдан барлық аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқаруға дербес, 4-ші деңгейдегі бюджет енгізіледі. Бұл өте жауапты жұмыс екені айтпаса да түсінікті. Бюджеттің орындалуына (кіріс, шығыс бөліктері), мемлекеттік сатып алу процестерінің барлық рәсімдерінің заң шеңберінде атқарылуына бақылау жүргізе алатын, сонымен бірге аталған әкімдіктерге берілгелі отырған коммуналдық меншікті басқара алатын мамандар мен басшылар ауылды жерлерде тапшы екені белгілі.

Ал, заңда көрсетілген ротациялау жұмысы толыққанды орындалмауда. Себебі аудандарда, ауылдарда қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ұзақ жылдардан бері шешімін таппай келеді. Мұндай үйлер тек ауыл әкімдіктерінде ғана емес, сонымен бірге облыстық маңызы бар қала, аудандардың және облыстардың орталықтарында да болуы тиіс.

Сонда ғана облыс орталықтарынан қатынап аудан, қала басқарып, аудан-қала орталықтарынан қатынап ауыл басқарып жүрген «атүсті» жұмыс емес, сол елдердің тыныс-тіршілігін, ыстық-суығын бірге көріп жүрген маманның, басшының тыңғылықты жұмысын көрер едік және әртүрлі

күдікті сұрақтардың туындауына, және заң бұзушылықтарға жол берілмес еді.

Тұрғын үй құрылысы жергілікті бюджет есебінен шешілуі тиіс екені белгілі. Алайда барлық өңірлер өз бюджеттерімен бұл жұмыстарды жүргізе алмайтыны да анық.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, құрметті Бақытжан Әбдірұлы, кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін, олардың облыстан ауданға, ауданнан ауылға баруы үшін **жекешелендіруге жатпайтын** қызметтік үй қорын қалыптастыру мәселесін қарауды сұраймын.

Жауапты жазбаша түрде заңда белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,**

**депутат, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**Б.Жылқышиев**

Орын. Әлпейіс Т.Ә.  
Тел.: 746771